

**"Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларын және қамтамасыз ету мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 144 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 410 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 сәуірде № 27575 болып тіркелді.

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларын және қамтамасыз ету мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 144 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16437 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушілердің және (немесе) импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушілердің және (немесе) импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Өндірушілердің және (немесе) импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін есепке алу қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Өндірушілердің және (немесе) импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (

немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін қамтамасыз ету мөлшері бекітілсін";

Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушілердің және (немесе) импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Өндірушілердің және (немесе) импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін есепке алу қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Өндірушілердің және (немесе) импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін қамтамасыз ету мөлшері осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары -  
Қаржы министрі*

*Е. Жамаубаев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі**

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрлігі**

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары -

Қаржы министрінің  
2022 жылғы 14 сәуірдегі  
№ 410 бұйрығына  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы 8 ақпандағы  
№ 144 бұйрығына  
1-қосымша

**Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушілердің және (немесе) импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушілердің және (немесе) импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 172-бабы 15-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және:

1) алкоголь өнімін (толысылған шарапты және сыра қайнату өнімін қоспағанда) (бұдан әрі – алкоголь өнімі) өндіру бойынша қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың, Қазақстан Республикасының аумағына алкоголь өнімін импорттайтын Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғалардың, борышкердің мүлкін (активтерін) өткізу кезінде банкроттықты және оңалтуды басқарушылардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) алкоголь өніміне есепке алу-бақылау маркаларын (бұдан әрі – ЕБМ) алу, есепке алу, сақтау, беру;

2) Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттауды және (немесе) өндіруді жүзеге асыратын тұлғаның Салық кодексінің 172-бабы 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіруі кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін (бұдан әрі – Міндеттеме) және өндірушілердің және (немесе) импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіруі кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы есебін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша мемлекеттік кірістер органдарына (бұдан әрі – мемлекеттік кірістер органы) ұсыну тәртібін айқындайды.

2. ЕБМ-ны жасап шығаруды, оларды жеткізуді және алушыларға беруді Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен және көрсетілетін қызметті алушылармен жасасқан шарттарға (келісімшарттарға) сәйкес "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

3. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қажет ақпараттарды қамтитын ақпараттық жүйелер істен шыққан кезде көрсетілетін қызметті берушілер істен шыққан сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде sd\_pbf@nitec.kz электронды пошта арқылы қолдау қызметіне міндетті түрде мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауын, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға берген өтініштің тіркеу нөмірін, жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН), көрсетілетін қызметті алушының атауын, жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің нұсқасын (Windows, Google Chrome), қатеге әкеліп соққан әрекеттер дәйектемесін сипаттауды, туындаған проблеманы түсіндіретін скриншотты ұсына отырып сұрау салуды жолдайды.

5. Өндіруші және (немесе) импорттаушы ЕБМ алғанға дейін мемлекеттік кірістер органдарына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы Міндеттемені ұсынады.

6. Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және көрсету нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынудың ерекшелігін ескере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Алкоголь өніміне (шарап материалы, сыра мен сыра сусынын қоспағанда) есепке алу-бақылау маркаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарының нысанында жазылған мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі.

**2-тарау. "Алкоголь өніміне (шарап материалы, сыра мен сыра сусынын қоспағанда) есепке алу-бақылау маркаларын беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

7. Көрсетілетін қызметті алушылар "Есепке алу-бақылау маркаларын және " Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорынының басқа баспа өнімдерін бақылау, есептеу және беру" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) арқылы көрсетілетін қызметті берушіге және мемлекеттік кірістер органына жаңа күнтізбелік жыл басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын немесе өндірілетін алкоголь өніміне ЕБМ дайындауға арналған өтінімді (бұдан әрі – ЕБМ арналған өтінімдер) ұсынады.

8. Жаңадан құрылған немесе алкоголь өнімін өндіру және (немесе) импорттау бойынша қызметті бастаған ЕБМ көрсетілетін қызметті алушылары ақпараттық жүйе арқылы көрсетілетін қызметті берушіге және мемлекеттік кірістер органына осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес ЕБМ алу жүзеге асырылатын айдың 1-не дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмейтін мерзімде ЕБМ арналған өтінімді ұсынады.

9. Көрсетілетін қызметті алушылар, ЕБМ саны өзгерген кезде осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес ЕБМ алу жүзеге асырылатын айдың 1-не дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей бұдан бұрын ұсынылған ЕБМ арналған өтінімге қосымша ЕБМ арналған өтінімді жасау жолымен өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

ЕБМ саны өзгерген кезде, қосымша өтінімде мәнін ұлғайту немесе азайту қажеттілігіне байланысты қосу немесе алу мәнімен өзгерістер көрсетіледі.

10. Алкоголь өнімін импорттайтын ЕБМ көрсетілетін қызметті алушылардан өтінімдерді қабылдау, оның негізінде акцизделетін тауарларды әкелу жүзеге асырылатын сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) көшірмелері ұсынылған кезде жүргізіледі.

11. ЕБМ көрсетілетін қызметті алушылары табыс еткен ЕБМ арналған өтінімдер келесі күнтізбелік жылға көшірілмейді.

12. Мемлекеттік кірістер органы ұсынылған ЕБМ арналған өтінімдерді ақпараттық жүйе арқылы ЕБМ арналған өтінімі келіп түскен күннен бастап, 2 (екі) жұмыс күні ішінде келіседі немесе оларды келісуден бас тартады.

Осы Қағидалардың 7, 8, 9 және 10-тармақтарында көрсетілген талаптар сақталмаған кезде мемлекеттік кірістер органы ұсынылған ЕБМ арналған өтінімдерді келісуден бас тартады.

13. Мыналарға:

бір көрсетілетін қызметті алушы алған ЕБМ-ны басқа көрсетілетін қызметті алушыға беруге;

алкоголь өнімдерін таңбалау үшін көрсетілетін қызметті алушының бір сыртқы сауда шартын (келісімшартты) орындауы кезінде алынған ЕБМ, көрсетілетін қызметті

алушының басқа сыртқы сауда шартын (келісімшартты) орындауы үшін пайдалануға жол берілмейді.

14. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін немесе импортталатын алкоголь өніміне ЕБМ жасауға арналған өтінімдер мемлекеттік кірістер органымен келісілген соң, автоматты түрде ақпараттық жүйе арқылы көрсетілген қызметті берушіге әзірлеу үшін түседі.

15. Ұсынылған өтінімді келісуден бас тарту алған кезде ЕБМ көрсетілетін қызметті алушылары осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ЕБМ арналған өтінімді қайта береді.

16. ЕБМ жасап шығарғаны үшін төлемді ЕБМ көрсетілетін қызметті алушылар өздерінің ЕБМ арналған өтініміне сәйкес көрсетілген қызметті берушінің банк шотына ақша аудару жолымен ЕБМ алу жүзеге асырылатын айдың 1-і күніне дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмейтін мерзімде әр ай бойынша бөлек жүргізеді.

17. Таңбалау кезінде ЕБМ алу мақсатында ЕБМ бойынша көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге және мемлекеттік кірістер органына ақпараттық жүйе арқылы мынадай нысан бойынша:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін алкоголь өніміне – осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес;

Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өніміне – осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ЕБМ алуға өтініші ұсынады.

18. Алкоголь өнімін таңбалау үшін ЕБМ алуға арналған өтінішті ұсынған кезде ЕБМ көрсетілетін қызметті алушы қосымша:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы Міндеттемені;

міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуді растайтын құжатты (төлем құжаты, банк кепілдігі, кепілгерлік шарты, мүлікті кепілге қою шарты) ұсынады.

Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өнімін таңбалау үшін ЕБМ беру үшін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің болмауы, сондай-ақ әлеуметтік төлемдер бойынша берешегінің болмауы міндетті шарт болып табылады.

19. Қайта таңбалау кезінде ЕБМ алу мақсатында ЕБМ бойынша көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге және мемлекеттік кірістер органына ақпараттық жүйе арқылы Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне және Қазақстан Республикасының аумағына импортталған алкоголь өніміне осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЕБМ алуға өтініші ұсынады.

20. ЕБМ көрсетілетін қызметті алушысы банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған жағдайда ЕБМ алуға арналған өтінішке:

банкрот деп тану немесе оңалту рәсімін қолдану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің көшірмесі;

банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыны тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі не борышкердің мүлкі мен істерін басқару құқығын борышкердің мүлік меншігінің иесіне, өзі уәкілеттік берген органға, құрылтайшыларға (қатысушыларға) қалдыру туралы заңды күшіне енген сот ұйғарымы;

түгендеу туралы есеп қоса беріледі.

21. Мемлекеттік кірістер органы ЕБМ алуға арналған өтінішті ЕБМ алуға арналған өтінішінің келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйе арқылы келіседі не оларды келісуден бас тартады.

ЕБМ алуға арналған өтінішті келісу кезінде мемлекеттік кірістер органы ұсынылған мәліметтердің, акциздерді төлеудің дұрыстығын тексереді, төлем құжаттарында көрсетілген төленген сомаларды мемлекеттік кірістер органдарында бар деректермен салыстырады.

22. Мемлекеттік кірістер органы ЕБМ алуға арналған өтініштерді:

өтініштерге осы Қағидалардың 18 және 20-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған;

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, сондай-ақ әлеуметтік төлемдердің сомасы толық төленбеген кезде келісуден бас тартады.

Бұл ретте Салық кодексінің 475-бабы 4-тармағында сәйкес ЕБМ таңбалауға жататын алкоголь өніміне акцизді алкоголь өнімін өндірушілердің таңдау бойынша:

ЕБМ алғанға дейін;

міндеттеме ұсынылған кезде – таңбалауға жататын алкоголь өнімін тиіп-жөнелтілген (берілген) күні төленеді.

23. Қазақстан Республикасында өндірілетін алкоголь өнімін таңбалау үшін көрсетілетін қызметті алушыға ЕБМ беруді көрсетілген қызметті беруші ЕБМ жапсырылған штрих-кодпен және ЕБМ алуға арналған өтінішке ЕБМ нөмірлерінің диапазондарын байланыстыруды жүзеге асырумен ЕБМ алуға арналған өтініштерді мемлекеттік кірістер органы растаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өнімін таңбалау үшін көрсетілетін қызметті алушыға ЕБМ беруді көрсетілген қызметті беруші ЕБМ жапсырылған штрих-кодпен және ЕБМ алуға арналған өтінішке ЕБМ нөмірлерінің диапазондарын байланыстыруды жүзеге асырумен ЕБМ алуға арналған өтініштерді мемлекеттік кірістер органы растаған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде жүргізеді.

24. Көрсетілетін қызметті алушыға алкоголь өніміне ЕБМ берілген кезде, көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық жүйе арқылы электронды түрде жүкқұжатты ресімдейді.

Жүкқұжатта мынадай деректер көрсетіледі:  
жүкқұжаттың нөмірі және ресімдеу күні;  
ЕБМ берілген күні;  
ЕБМ алуға арналған өтініштің нөмірі мен берілген күні;  
көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
алкоголь өнімдерінің атауы, түрі және сыйымдылығы;  
ЕБМ сериялары, нөмірлердің диапазондары және саны.

25. Көрсетілетін қызметті алушыға ЕБМ беру ЕБМ алуға арналған өтінішінде көрсетілген мөлшерге сәйкес жүзеге асырылады.

### **3-тарау. Өндірушінің және (немесе) импорттаушының Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіруі кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну тәртібі**

26. Өндіруші ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей, импорттаушы іс жүзіндегі импорттау аяқталғаннан кейін 6 (алты) айдан кешіктірмей ақпараттық жүйе арқылы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірушінің және (немесе) импорттаушының Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы есебін (бұдан әрі – есеп) ұсынады.

27. Мемлекеттік кірістер органы, өндіруші және (немесе) импорттаушы осы Қағидалардың 26-тармағында көзделген есепті ұсынғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде өндірушіге және (немесе) импорттаушыға ақпараттық жүйе арқылы есепті алғаны туралы хабардар етеді.

28. Мемлекеттік кірістер органының есепті растауы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірушінің және (немесе) импорттаушының Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы есебін тіркеуді есепке алу журналында белгі қою арқылы жүзеге асырылады.

29. Есепті қабылдаудан бас тартқан жағдайда, 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей өндіруші және (немесе) импорттаушы атына, себептерін көрсете отырып, мемлекеттік кірістер органы жазбаша бас тартуды жолдайды.

Есептегі мәліметтердің анық болмауы бас тарту үшін негіздеме болып табылады.

30. Растау туралы белгісі бар есептің бір данасы мемлекеттік кірістер органында қалады, екінші данасы өндіруші және (немесе) импорттаушыға табыс етіледі (жолданады).

31. Мемлекеттік кірістер органы қабылдаған есеп міндеттеменің орындалуын растау және міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуін қайтаруға негіз болып табылады.



32. Өндіруші және (немесе) импорттаушы ақшамен қамтамасыз етілген, алкоголь өнімін өндіру және (немесе) Қазақстан Республикасына импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені орындамаған кезде облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі бес жұмыс күні өткен соң ақшаны уақытша орналастыру шотынан ақшаны бюджет кірісіне аударады.

#### **4-тарау. Есепке алу-бақылау маркаларды есепке алу және сақтау**

33. Көрсетілетін қызметті алушы ЕБМ есепке алуын "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес жүзеге асырады.

34. Алкоголь өнімін өндіру және/немесе импорттау барысында пайдаланылмаған және (немесе) бүлінген (зақымданған) ЕБМ көрсетілетін қызметті алушылар мемлекеттік кірістер органына тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей қайтарады. Бұл ретте ЕБМ үшін төленген ақша қаражаты қайтарылмайды.

35. Егер алкоголь өнімдерін ЕБМ-мен таңбалау "Шарап материалын, сыраны және сыра сусынын қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау маркаларымен және темекі бұйымдарын акциздік маркалармен таңбалау (қайта таңбалау) қағидаларын, сондай-ақ акциздік және есепке алу-бақылау маркаларының нысанын, мазмұнын және қорғау элементтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 143 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16444 болып тіркелді) Шарап материалын, сыраны және сыра сусынын қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау маркаларымен және темекі бұйымдарын акциздік маркалармен таңбалау (қайта таңбалау) қағидаларын, сондай-ақ акциздік және есепке алу-бақылау маркаларының нысанын, мазмұнын және қорғау элементтерін бұза отырып жүргізілсе, ЕБМ мемлекеттік кірістер органына қайтарылуы тиіс. Бұл ретте ЕБМ үшін төленген ақша қаражаты қайтарылмайды.

36. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ЕБМ олар пайдаланылғанға дейін, сондай-ақ бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған ЕБМ олар жойылғанға дейін сақталуын қамтамасыз етеді.

37. Көрсетілетін қызметті алушы бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған ЕБМ мемлекеттік кірістер органына қайтаруы, ЕБМ алуға жүкқұжат ресімделген нөмірді және күнді көрсете отырып, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепке алу-бақылау маркаларын қайтару туралы өтініш негізінде жүргізіледі.

38. ЕБМ қайтару кезінде осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЕБМ қабылдап алу-беру актісі (бұдан әрі – қабылдап алу-беру актісі) екі данада жасалады және жыл сайын 10 қаңтардан кешіктірмей кемінде үш қызметкерден тұратын мемлекеттік кірістер органы басшысының бұйрығымен құрылған комиссия (

бұдан әрі – комиссия) қол қояды. Қабылдап алу-беру актісінің бір данасы көрсетілетін қызметті алушыға беріледі.

39. ЕБМ жоюды комиссия, көрсетілетін қызметті алушының қатысуымен, тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сы күнінен кешіктірмей жүргізеді.

40. ЕБМ іс жүзінде жою туралы екі данада осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЕБМ есептен шығару және жою туралы актісі (бұдан әрі – жою актісі) жасалады. Жою актісінің бір данасы көрсетілетін қызметті алушыға беріледі.

Жою актісінің әрбір данасына комиссия мүшелері және көрсетілетін қызметті алушы қол қояды және мемлекеттік кірістер органының мөрімен куәландырылады.

ЕБМ жою фактісі ақпараттық жүйелерде тіркеледі.

41. Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйе арқылы ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей мемлекеттік кірістер органына осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алынған ЕБМ пайдалану туралы есепті табыс етеді.

#### **5-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

42. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген кезде көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

бюджетке салықтар мен төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

43. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Заңның 4-бабы 1-тармағы б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

Есепке алу-бақылау маркаларын  
алу, есепке алу, сақтау, беру  
және өндірушілердің және  
(немесе) импорттаушылардың  
Қазақстан Республикасына  
алкоголь өнімін импорттау және  
(немесе) өндіру кезінде есепке  
алу-бақылау маркаларын  
нысаналы пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін ұсыну  
қағидаларына  
1-қосымша  
нысан

---

(мемлекеттік кірістер  
органының атауы)

---

(мемлекеттік кірістер органы  
басшысының Т.А.Ә. (ол  
болған кезде)

Тіркеу № \_\_\_\_\_ ж.  
(мемлекеттік кірістер органы  
толтырады)

**Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесі \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (өндірушінің және (немесе)  
импорттаушының атауы, ЖСН/БСН, заңды мекенжайы, банк деректемелері)**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 172-бабы 7-тармағына сәйкес міндеттемені мынадай тәсілде қамтамасыз етуді жүзеге асыруға \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (төлем құжаты, банк кепілдігі, кепілгерлік шарты, мүлікті кепілге қою шарты)

\_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
(қамтамасыз ету тәсілінің күні) (қамтамасыз ету тәсілінің нөмірі)

\_\_\_\_\_ теңге мөлшерінде есепке алу-бақылау  
маркаларын

нысаналы пайдалануға, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде алкоголь өніміне жапсыруы үшін есепке алу-бақылау маркаларын әкетуді жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасының аумағына белгіленген тәртіпте есепке алу-бақылау маркаларымен таңбаланған алкоголь өнімін әкелуді және оны межелі жеріне жеткізуді жүзеге асыруға, бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған есепке алу-бақылау маркаларын берген мемлекеттік кірістер органына қайтаруға, импортталған алкоголь өнімі бойынша жанама салықтарды төлеуге, алкоголь өнімін өндіру кезінде алкоголь өнімін таңбалауды жүзеге асыру, мемлекеттік кірістер органына белгіленген мерзімде импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы есебін ұсынуға міндеттенеді.

Жоғарыда көрсетілген әрекеттер орындалмаған жағдайда, осы Міндеттемені орындауды қамтамасыз ету сомасы болып табылатын ақшаны, мемлекеттік кірістер органы міндеттемелерді қамтамасыз ету сомасын мемлекеттік бюджет кірісіне аударады.

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жыл

Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушілердің және (немесе) импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және (немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларымен таныстым.

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

ЭЦҚ-дан деректер

Алушы 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойды және жіберілді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЕБМ – есепке алу-бақылау маркасы;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Есепке алу-бақылау маркаларын  
алу, есепке алу, сақтау, беру  
және өндірушілердің және  
(немесе) импорттаушылардың  
Қазақстан Республикасына  
алкоголь өнімін импорттау және  
(немесе) өндіру кезінде есепке  
алу-бақылау маркаларын  
нысаналы пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін ұсыну  
қағидаларына

2-қосымша  
нысан

"Алкоголь өніміне (шарап материалы, сыра мен сыра сусынын қоспағанда) есепке алу-бақылау маркаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметтерді ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші "Есепке алу-бақылау маркаларды, акциздік маркаларды және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының басқа баспа өнімдерін бақылау, есептеу және беру" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) арқылы жүзеге асырады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап: Қазақстан Республикасында өндірілетін алкоголь өнімін таңбалау үшін шарап материалы, сыра мен сыра сусынын қоспағанда, алкоголь өніміне арналған есепке алу-бақылау маркаларына (бұдан әрі – ЕБМ) жапсырылған штрих-кодпен және есепке алу-бақылау маркаларын алуға өтінішке ЕБМ нөмірлерінің диапазондарын жалғауды жүзеге асырумен есепке алу-бақылау маркаларын алуға өтініштерді мемлекеттік кірістер органы растаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізеді. Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өнімін таңбалау үшін көрсетілетін қызметті алушыға ЕБМ беруді көрсетілген қызметті беруші ЕБМ жапсырылған штрих-кодпен және ЕБМ алуға арналған өтінішке ЕБМ нөмірлерінің диапазондарын

		байланыстыруды жүзеге асырумен ЕБМ алуға арналған өтініштерді мемлекеттік кірістер органы растаған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде жүргізеді.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі ЕБМ жапсырылған штрих-кодпен және ЕБМ нөмірлерінің диапазондарын байланыстыруды жүзеге асырумен ЕБМ беру болып табылады.
6	Көрсетілген қызметті алушыдан мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде өндіріп алынатын төлем мөлшері, және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін негізде көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00–ден 14.30–ға дейін түскі үзіліспен, сағат 09.00–ден 18.30–ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;</p> <p>2) ақпараттық жүйе – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>

8	Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>1) ақпараттық жүйе арқылы осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес алкоголь өніміне ЕБМ жасауға арналған өтінімдер (бұдан әрі – өтінімдер) – жаңа күнтізбелік жыл басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей;</p> <p>2) сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) көшірмесі;</p> <p>3) осы Қағидаларға 5, 6 немесе 7, 8-қосымшаларға сәйкес ЕБМ алуға арналған өтініш – ақпараттық жүйе арқылы алкоголь өніміне ЕБМ алу мақсатында;</p> <p>4) импорттау кезінде: осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемені; міндеттеменің орындалуын растайтын құжатты (төлем құжаты, банк кепілдігі, кепілгерлік шарты, мүлікті кепілге қою шарты).</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін:</p> <p>өтініштерге осы Қағидалардың 18 және 20-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған;</p> <p>акциздердің сомасы толық төленбеген кезде негіздеме болып табылады.</p>
10	Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған – <a href="http://www.pbf.kz">www.pbf.kz</a>.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда мемлекеттік қызметтерді ақпараттық жүйе арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы қашықтықтан қол жетімділік режимінде мемлекеттік қызметтер көрсету мәртебесі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс-орталығы 1414, 8800080777 арқылы ала алады.</p>

Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушілердің және

(немесе) импорттаушылардың  
Қазақстан Республикасына  
алкоголь өнімін импорттау және  
(немесе) өндіру кезінде есепке  
алу-бақылау маркаларын  
нысаналы пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін ұсыну  
қағидаларына  
3-қосымша  
нысан

---

(мемлекеттік кірістер  
органының атауы, БСН)

---

(мемлекеттік кірістер органы  
басшысының Т.А.Ә. (ол болған  
кезде))

---

(өндірушінің атауы, ЖСН/БСН)

## Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін алкоголь өнімдеріне есепке алу-бақылау маркаларды дайындауға өтінім

өтінімнің түрі:

алдағы жылға, жаңадан құрылғандар немесе қызметін бастағандар үшін түзетілген

мың дана

қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан	жылы на барлығы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

ЭЦҚ-дан деректер

Алушы 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойды және жіберілді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Есепке алу-бақылау маркаларын  
алу, есепке алу, сақтау, беру  
және өндірушілердің және  
(немесе) импорттаушылардың  
Қазақстан Республикасына  
алкоголь өнімін импорттау және



(немесе) өндіру кезінде есепке  
алу-бақылау маркаларын  
нысаналы пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін ұсыну  
қағидаларына  
4-қосымша  
нысан

(мемлекеттік кірістер  
органының атауы, БСН)

(мемлекеттік кірістер органы  
басшысының Т.А.Ә. (ол болған  
кезде))

Импорттаушының атауы,  
ЖСН/БСН

## Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өнімдеріне есепке алу-бақылау маркаларды дайындауға өтінім

өтінімнің түрі:

алдағы жылға, жаңадан құрылғандар немесе қызметін бастағандар үшін түзетілген

мың дана

қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан	жылы на барлығы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

ЭЦҚ-дан деректер

Алушы 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойды және жіберілді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Есепке алу-бақылау маркаларын  
алу, есепке алу, сақтау, беру  
және өндірушілердің және  
(немесе) импорттаушылардың  
Қазақстан Республикасына  
алкоголь өнімін импорттау және  
(немесе) өндіру кезінде есепке  
алу-бақылау маркаларын

нысаналы пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін ұсыну  
қағидаларына  
5-қосымша  
нысан

(мемлекеттік кірістер  
органының атауы)

(мемлекеттік кірістер органы  
басшысының Т.А.Ә. (ол болған  
кезде))

**Есепке алу-бақылау маркаларын алуға өтініш**

№ \_\_\_\_\_ күні

өтініш түрі: таңбалау

ЕБМ түрі: Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін алкоголь өнімдеріне

Өндірушінің ЖСН/БСН, атауы, мекенжайы, лицензия (лицензия берген орган, күні,  
нөмірі  
және берілген жылы)

\_\_\_\_\_ дана

мөлшерінде

(цифрмен және жазбаша)

ЕБМ беруді сұрайды.

ЕБМ көрсетілген мөлшері тауарларды шығару үшін қажет:

Алкоголь өнімінің ДСН-коды (бар болған кезде): \_\_\_\_\_

Алкоголь өніміне ДСН-коды болмаған кезде көрсетуі қажет:

(алкоголь өнімінің атауы, түрі, сыйымдылығы мен күштілігі)

(күю кезеңі: 20 \_\_ ж. (ай) \_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейін \_\_\_\_\_, (СЭҚ ТН коды, сәйкестік  
сертификаты

(сертификат органы, сертификат нөмірі және беру кезеңі)

Өнімнің бір бірлігі үшін бағасы: \_\_\_\_\_

теңге;

ЕБМ сатып алуға арналған ақша құралдары \_\_\_\_\_

(сомасы жазбаша)

теңге сомасында 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ төлем құжатымен  
\_\_\_\_\_ банк шотына енгізілді.

акциз \_\_\_\_\_ теңге

сомасында

(сомасы жазбаша)

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ төлем құжатымен \_\_\_\_\_ банк шотына  
төленді.

Алу тәсілі (жеткізу/өздері алады)

Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушілердің  
және

(немесе) импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау  
және

(немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларынамен таныстым.

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

ЭЦҚ-дан деректер

Алушы 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойды және жіберілді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Т.А.Ө. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЕБМ – есепке алу-бақылау маркасы;

ДСН-коды – дербес сәйкестендіру нөмір-коды;

СЭҚ ТН коды – сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Есепке алу-бақылау маркаларын  
алу, есепке алу, сақтау, беру  
және өндірушілердің және  
(немесе) импорттаушылардың  
Қазақстан Республикасына  
алкоголь өнімін импорттау және  
(немесе) өндіру кезінде есепке  
алу-бақылау маркаларын  
нысаналы пайдалану туралы  
міндеттемесін, есебін ұсыну  
қағидаларына  
6-қосымша

НЫСАН

\_\_\_\_\_  
(мемлекеттік кірістер  
органының атауы)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(мемлекеттік кірістер органы  
басшысының Т.А.Ә. (ол болған  
кезде))

**Есепке алу-бақылау маркаларын алуға өтініш**

№ \_\_\_\_\_ күні

өтініш түрі: таңбалау

ЕБМ түрі: Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өнімдеріне

\_\_\_\_\_  
ЖСН/БСН, импорттаушының атауы, мекенжайы, лицензия (лицензия берген орган, күні, нөмірі және берілген жылы)

\_\_\_\_\_ дана  
мөлшерде

(цифрмен және жазбаша)

ЕБМ беруді сұрайды.

ЕБМ көрсетілген мөлшері тауарларды шығару үшін қажет:

Алкоголь өнімінің ДСН-коды (бар болған кезде): \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
Алкоголь өніміне ДСН-коды болмаған кезде көрсетуі қажет:

\_\_\_\_\_ (алкоголь өнімінің атауы, түрі, сыйымдылығы мен күштілігі) (өндірілген елі)

\_\_\_\_\_  
(СЭҚ ТН коды, сәйкестік сертификаты (сертификат органы, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер аумағынан импорттау үшін – сертификат нөмірі және беру кезеңі)

ЕБМ сатып алуға арналған ақша құралдары \_\_\_\_\_  
теңге

(сомасы жазбаша)

сомасында 20 \_\_\_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ төлем құжатымен \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
банк шотына енгізілді.

акциз \_\_\_\_\_ теңге сомасында

(сомасы жазбаша)

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ төлем құжатымен \_\_\_\_\_ банк шотына төленді.

Алу тәсілі (жеткізу/ өздері алады)

Есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және өндірушілердің және

(немесе) импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау және

(немесе) өндіру кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларымен таныстым.

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

ЭЦҚ-дан деректер

Алушы 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойды және жіберілді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЕБМ – есепке алу-бақылау маркасы;

ДСН-коды – дербес сәйкестендіру нөмір-коды;

